

Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 396 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 410 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.06.2015 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңының 16-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2012 жылғы	30 наурыздағы
№ 396 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар

және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және құрамында Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды медициналық мақсатта пайдалану тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану деп құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау, пайдалану, жазып беру, босату, сақтау, бөлу, есепке а л у , ж о ю т ү с і н і л е д і .

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) науқастың медициналық құжаттары – сырқатнамасы, амбулаториялық картасы, консультациялық қарау жазба парағы;

2) арнайы рецептілік бланк – құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепт жазып беруге арналған белгіленген ны с а н д а ғы б л а н к ;

3) сигнатура – құрамында есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алудың заңдылығын растайтын белгіленген нысандағы құжат;

4) Тізімнің II Кестесі – медициналық мақсатта пайдаланылатын және қатаң бақылауға алынған есірткі және психотроптық заттардың тізімі;

5) Тізімнің III Кестесі – медициналық мақсатта пайдаланылатын және бақылауға алынған есірткі мен психотроптық заттардың тізімі;

6) Тізімнің IV Кестесі – бақылауға алынған прекурсорлар (есірткі мен психотроптық заттарды заңсыз дайындауда жиі пайдаланылатын химиялық және өсімдік заттар) тізімі.

2. Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану тәртібі

1. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау

3. Денсаулық сақтау ұйымдарында амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындауды денсаулық сақтау ұйымының дәрігері жүзеге а с ы р а д ы .

4. Жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету кезінде құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды жедел медициналық жәрдемнің көшпелі бригадасының дәрігері немесе денсаулық сақтау ұйымының шұғыл жәрдем (үйіне барып жәрдем беру) бөлімшесінің дәрігері тағайындайды.

Ауылдық жерлерде жедел медициналық жәрдемнің көшпелі бригадасында дәрігерлер болмаған жағдайда құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындауды көшпелі бригаданың фельдшері жүргізеді.

Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың пайдаланылуын ресімдеу науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсетілгеннен кейін жүргізіледі.

5. Стационарлық емдеуде жатқан науқастарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау медициналық көрсетілімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау бір реттік дозасы, қабылдау (енгізу) тәсілі мен жиілігі, емдеу курсының ұзақтығы, сондай-ақ дәрілік заттарды тағайындаудың негіздемесі міндетті көрсетіле отырып, науқастың медициналық құжаттарында белгіленеді және бөлімше меңгерушісі және/немесе денсаулық сақтау ұйымының басшысы қолымен куәландырады.

7. Басшының міндетін орындайтын бір дәрігер жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымдарында құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды тағайындауды дәрігер өзі жүзеге асырады.

2. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды медициналық мақсатта пайдалану

8. Медициналық мақсаттарда Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және медициналық қолдануға рұқсат етілген, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медицина техникасының Мемлекеттік тізіліміне енгізілген, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар пайдаланылады.

9. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды медициналық мақсатта пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізіледі.

10. Амбулаториялық емделу кезінде пациенттерге құрамында есірткі,

психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды пайдалану жазып берілген рецептіге сәйкес дәрігердің тағайындауы бойынша жүргізіледі.

11. Стационарлық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында науқастарға құрамында Тізімнің II, III Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды беру басқа дәрілерден бөлек жүргізілуі т и і с .

Дәрілік заттарды пайдалану (қабылдау) оларды беру сәтінде медицина қызметкерінің қатаң қадағалауымен: ішу арқылы қабылдау, трансдермальді терапиялық жүйелерді салу (бұласыр, үлбір және сол сияқтылар) – мейірбикенің қатысуымен, инъекцияларды енгізу – дәрігердің қатысуымен жүргізіледі.

12. Медициналық ұйымдардың сақтауға арналған орындарында және кезекші дәрігерлер мен медбикелердің постыларында есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жоғары бір реттік және тәуліктік дозаларының кестелері, сондай-ақ олармен уланған кездегі у қайтарғылар кестесі ілінеді.

13. Медициналық ұйымның бөлімшелерінде (кабинеттерінде) құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың заттаңбаларын ауыстыруға, өлшеп орауға, шашыратуға, басқа қаптамаға (ыдысқа) құюға және ауыстырып салуға тыйым салынады.

3. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін жазып беру және оларды босату

14. Науқастарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлері, өздігінен қабылдау жүргізетін фельдшерлер, акушерлер, жеке қызмет ететін дәрігерлер тиісті медициналық айғақтар болған кезде жазып береді және қолымен, жеке мөрімен, денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен және м ө р і м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

15. Амбулаториялық науқастарға құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттар типографиялық тәсілмен дайындалған, А6 форматты, коды, бланк нөмірі мен қорғалу дәрежесі бар қызғылт түсті осы Қағидағаларға 1-қосымшаға сәйкес арнайы рецептілік бланкіге жазып беріледі.

Коды осы Қағидағаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің шартты сандық мәнін қамтиды.

16. Арнайы рецептілік бланкілердегі рецептілер дәрігердің өз қолымен жазылады, ұйымның мөртабанымен, мөрімен, дәрігердің жеке мөрімен, медицина ұйымының бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылады. Рецептінде медициналық құжаттаманың нөмірі, рецептіні жазып берген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ науқастың тегі, аты,

әкесінің аты, жасы мен тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі.

Арнайы рецептілік бланкілердің түбіртектері рецептімен бірдей толтырылады және медицина ұйымында олардың сақталуына жауапты тұлғада сақталады.

17. Рецептінің мазмұны, арнайы рецептілік бланкінің сериясы мен нөмірі науқастың медициналық құжаттамасына жазылады.

18. Құрамында Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың рецептілерін тегін жазып беру кезінде рецептілік бланкіге қосымша тегін берілу рецептісі жазып беріледі. Жазып берілген рецептілер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандағы журналда тіркеледі.

19. Құрамында Тізімнің III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бекітілген үлгідегі рецептілік бланкілерде жазып беріледі және медицина ұйымының мөртабанымен және мөрімен, дәрігердің қолымен және жеке мөрімен куәландырылады.

20. Көпқұрамдас дәрілік түрлердің құрамына кіретін құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың атауы рецептіде бірінші жазылады, сосын барлық қалған ингредиенттері көрсетіледі.

21. Жоғары бір реттік қабылдаудан асатын дозадағы құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін жазып берген кезде дәрілік заттың дозасы жазумен жазылады және леп белгісі қ о й ы л а д ы .

Дәрігер бұл талапты сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазып берілген дәрілік заттың жоғары бір реттік дозасының жартысын береді.

22. Бір рецептуралық бланкіде Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бір ғана атауы жазып беру және босату нормасынан аспайтын мөлшерде ж а з ы л а д ы .

23. Инкурабельді онкологиялық (гематологиялық) науқастарды емдеу үшін құрамында Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарының бір рецептіде жазып берілген мөлшері 2 есе арттырылуы мүмкін. Дәрілік заттың мөлшері жазумен жазылады және леп белгісі қойылады.

Ерекше жағдайларда медициналық айғақтары бойынша инкурабельді науқасқа арналған дәрілік зат 5-10 күн емдеуге қажетті мөлшерде бірнеше рецептіде, бірақ осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген рұқсат етілген мөлшерден асырылмай жазып берілуі мүмкін.

Созылмалы науқастарға бір рецептіде жазып берілген этилморфин гидрохлоридінің мөлшері көзге арналған дәрілік түрлерде беру нормасынан бес е с е а р т т ы р ы л у ы м ү м к і н .

24. Созылмалы аурулары бар науқастарға құрамында Тізімнің III, IV

Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарының рецептілері мерзімі бір айға дейінгі емдеу курсына жазылып берілуі мүмкін. Бұл жағдайларда рецептілік бланкіде "Арнайы тағайындау бойынша" деп көрсетіледі. "Арнайы тағайындау бойынша" нұсқамасын дәрігердің өзі жазуы және оның қолы мен жеке мөрімен куәландырылуы тиіс.

25. Құрамында Тізім Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілері күнтізбелік 7 күн ішінде ж а р а м д ы .

26. Рецептiлер бланкіде көзделген бағаналардың барлығы міндетті түрде толтырылып, анықтап жазылады. Рецептiде түзетулерге жол берiлмейдi.

27. Дәрілік затты қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілінде дозасы, қабылдау жиілігі мен ұзақтығын көрсете отырып белгіленеді. Жалпы нұсқаулармен шектелуге жол берілмейді.

28. Рецепт жазу және беру кезінде:

1) Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепт жазуға;

2) нашакорлыққа шалдыққан науқастарға құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарын жазып беруге;

3) амбулаториялық науқастарға этил эфирін, сондай-ақ фентанилдің инъекциялық ерітінділеріне рецептілер жазып беруге және беруге;

4) бір рецептілік бланкіге құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген мөлшерден артық жазып беруге және беруге;

5) рецептiде жазып берiлген есiрткi, психотроптық заттар мен прекурсорларды дайындалған түрдің құрамынан бөлек беруге жол берілмейді.

Жоғарыда санамаланған талаптарға сай келмейтін рецепт жарамсыз болып саналады. Рецептiнi жазып берген тұлға науқастың қайта қаралуы кезінде оның тиісінше ресімделуін қамтамасыз етеді.

29. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарының рецептілері олар жазылған Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде, Тізімнің III, IV Кестелеріндегі дәрілік заттарына жазылған рецептілер Қазақстан Республикасының барлық аумағында ж а р а м д ы .

30. Дәріханалық ұйымдардан құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар:

1) сенімхат негізінде осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес талаптар бойынша денсаулық сақтау жүйесінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында жұмыс істеуге құқығы бар заңды тұлғаларға;

2) дәрігердің рецептісі бойынша, өлшенген 3,0 және 5,0 грамм калий

перманганатын қоспағанда, халыққа беріледі.

31. Денсаулық сақтау ұйымдарының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды алуға талаптары басқа дәрілік заттарға талаптардан бөлек латын тілінде олардың саны жазумен көрсетіп жазылады, денсаулық сақтау ұйымы басшысының немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылады және ұйым м ө р і с о ғ ы л а д ы .

32. Инкурабельді онкологиялық науқастарға құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарын беруді денсаулық сақтау ұйымының басшысы ұсынған, оның қолымен және денсаулық сақтау ұйымының мөрімен куәландырылған бекіту тізіміне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде фармацевтикалық қызмет көрсететін дәріханалар жүзеге асырады.

Бекіту тізімінде науқастың Т.А.Ә. және мекенжайы, рецептін жазуға жауапты дәрігердің Т.А.Ә. көрсетіледі. Бекіту тізімі дәріханаға жарты жылда бір р е т б е р і л е д і .

Медицина ұйымы дәріханаға бірінші басшының қолымен және ұйым мөрімен куәландырылған Тізімнің II Кестесіндегі дәрілік заттарына рецепт жазуға құқығы бар дәрігерлердің тізімін, қолдарының және жеке мөрлерінің үлгілерін ұсынады.

33. Науқасқа құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды беру кезінде рецептін артқы жағында берілген дәрілік заттың атауы, саны, уақыты және берушінің қолы көрсетіледі.

34. Науқасқа құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды беру кезінде рецептін орнына рецептіге және зауыттық таңбалануына (өндіруші зауыт, елі, серия нөмірі (партиясы)) толығымен сәйкес келетін мәліметтері бар, диагоналы бойынша (сол жақтан оң жаққа) сары жолағы бар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысанда сигнатура беріледі. Сигнатура дәріні берген фармацевтика қызметкерінің қолымен куәландырылады, сондай-ақ дәріхана ұйымының мөрімен расталады.

35. Денсаулық сақтау ұйымдарына Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі дәрілік заттарды беру алынатын заттардың атауы, дозасы, концентрациясы, дәрілік түрі мен саны жазумен көрсетіліп, белгіленген тәртіп бойынша ресімделген жеке сенімхат бойынша жүргізіледі. Сенімхатты қолдану мерзімі 10 күннен аспауы керек.

4. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау және тіркеу тәртібі

36. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтайтын үй-жайларға (бұдан әрі – сақтау үй-жайлары) кіруге олармен жұмыс жасауға жіберілген

37. Есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлармен жұмыс жасауға рұқсат етілген тұлғаларда нашақорлық, уытқұмарлық, созылмалы маскүнемдік ауруларының жоқтығы, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлармен байланысты жұмыс жасауға жарамдылығы туралы психиатр мен нарколог дәрігерлердің қорытындылары және ішкі істер органдарының тиісті тексеруінің қорытындысы болады. Есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлармен жұмыс істеуге рұқсат етілген тұлғалардың тізімі денсаулық сақтау ұйымының басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

38. Медициналық ұйымдардың сақтауға арналған орындарында және кезекші дәрігерлер мен медбикелердің постыларында есірткі, психотроптық заттардың жоғары бір реттік және тәуліктік дозаларының кестелері, сондай-ақ олармен уланған кездегі у қайтарғылар кестесі ілінеді.

39. Сақтау үй-жайлары, сейфтер мен шкафтар жабық тұруы тиіс. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін олар мөрленеді және (немесе) пломбаланады. Кілттері, мөрі және (немесе) пломбир жауапты тұлғада (бұдан әрі – жауапты тұлға) сақталады.

40. Құрамында Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың кірісі мен шығысы бойынша барлық құжаттар (есептік-фактуралар, жүкқұжаттар, сенімхаттар, рецептілер, талаптар) айы мен жылы бойынша тігіліп, мөрленген күйде жауапты тұлғада, олардың сақталуын қамтамасыз ету шартымен сейфтерде немесе метал шкафтарда сақтау үй - ж а й л а р ы н д а с а қ т а л у ы т и і с .

41. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың кірісі мен шығысы бойынша барлық құжаттар ағымдағысын санамағанда бес жыл, құрамында Тізімнің III, IV Кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың кірісі мен шығысы бойынша барлық құжаттар ағымдағысын санамағанда бір жыл сақталады.

42. Сейфтің, шкафтің есігінің ішкі жағында құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың жоғары бір реттік және тәуліктік дозалары көрсетіле отырып, тізімі ілінеді.

43. Сақтау үй-жайынан құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды беруді жауапты тұлға ғана жүзеге асырады.

44. Дәріханалардағы ассистенттік бөлмеде Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттарының қоры бес күндік қажеттіліктен, денсаулық сақтау ұйымдарының бөлімшелерінде (кабинеттерінде) – үш күндік қажеттіліктен, дәріханалардың сақтау үй-жайларында – мереке және демалыс күндерін қоспағанда, отыз күндік қажеттіліктен аспайды.

45. Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымда кешкі және түнгі уақытта шұғыл медициналық көмек көрсету үшін құрамында Тізімнің II

Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың бес күннен аспайтын қоры тізімі денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығымен айқындалады, оны жауапты кезекші дәрігердің рұқсатымен пайдаланады.

46. Медициналық сарапшылық қызмет жасайтын денсаулық сақтау ұйымдарында сынаудан (талдаудан) қалған құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды үш ай сақтайды, содан кейін өтініш берушіге қайтарады. Дәрілік заттарды қайтару факті тиісті актімен ресімделеді.

47. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жарамсыз дәрілік заттар, сондай-ақ сынақтардан (талдаудан) кейін қалған қалдықтар жойылуы тиіс.

48. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар денсаулық сақтау ұйымдарында осы Қағидаларға 8, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша нөмірленген, тігілген, денсаулық сақтау ұйымының және дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасының айналымы саласындағы мемлекеттік органның (бұдан әрі – мемлекеттік орган) аумақтық бөлімшелері басшыларының қолдарымен және мөрлерімен расталған арнайы журналда заттық-сандық есепке алынады.

49. Ғылыми-зерттеу институттарында, оқу орындарында, сынақ зертханаларында (орталықтарында) құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар мен реактивтер осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысандағы журналдарда заттық-сандық есепке алынады.

50. Есепке алу журналының бірінші бетінде заттық-сандық есепке алынатын дәрілік заттардың тізбесі көрсетіледі. Дәрілік заттың әрбір дәрілік түрі, дозасы, қапталуы үшін жеке парақ (келесі беті) бөлінеді, онда дәрілік заттың атауы, дәрілік түрі, дозасы, өлшем бірлігі, журналды толтыруға жауапты тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетіледі. Келіп түскен нөмірі мен күні көрсетіліп, әрбір кіріс құжаты бойынша жазылады. Шығыны күндік қорытындысымен жазылады (күнделікті жазбалар). Есепке алу журналы бір жыл ішінде жарамды.

51. Жауапты тұлға әр айдың бірі күні құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттың нақты бар-жоғын кітаптағы қалдықпен тексеріп, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес акт жасай отырып, салыстырады.

52. Көрсетілген заттарды түгендеуде әрбір түгендеу ведомосты бойынша нақты қалдықтар анықталады.

53. Нақты қалдықтардың кітаптағы қалдықтардан алшақтығы анықталған жағдайда, бұл туралы денсаулық сақтау ұйымының басшысы бір тәулік ішінде денсаулық сақтау саласындағы және есірткі, психотроптық заттар мен

прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшесіне хабарлайды.

5. Арнайы рецепттік бланкілер мен талаптарды сақтау, тарату, босату, есепке алу және жою

54. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары денсаулық сақтау ұйымдарын арнайы рецепттік бланкілермен қамтамасыз етеді.

55. Арнайы рецепттік бланкілерді беру бланкінің саны (жазумен), коды мен нөмірі көрсетілген сенімхат бойынша жүзеге асырылады.

56. Арнайы рецепттік бланкілерді алуға берілетін сенімхаттың қолдану мерзімі 10 күн (шалғайдағы аудандардың денсаулық сақтау ұйымдары үшін 30 күннен аспауы керек).

57. Денсаулық сақтау ұйымдарының арнайы рецепттік бланкілерге талабы осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

58. Арнайы рецепттік бланкілер денсаулық сақтау ұйымына түскен кезде алынған санының ілесіп құжаттарға сәйкестігін тексеретін осы ұйымның басшысы тағайындаған комиссия қабылдап алады.

59. Денсаулық сақтау ұйымында арнайы рецепттік бланкілерді алуға, сақтауға және беруге жауапты тұлға тағайындалады.

60. Арнайы рецепттік бланкілер, сондай-ақ олардың кірісі мен шығысы туралы құжаттар сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады. Жұмыстың соңында бөлме мөрленеді және (немесе) пломба салынады. Бөлменің кілттері, мөр және (немесе) пломбир жауапты тұлғада сақталады.

61. Денсаулық сақтау ұйымындағы арнайы рецепттік бланкілердің қоры орташа айлық қажеттіліктен аспайды. Қажеттілікті бекітілген халықтың санын ескере отырып, медициналық ұйым анықтайды.

62. Емдеуші дәрігерге арнайы рецепттік бланкілер денсаулық сақтау ұйымы басшысы орынбасарының рұқсатымен нақты науқас үшін беріледі.

63. Арнайы рецепттік бланкілер заттық сандық есепке алуға жатады.

64. Арнайы рецепттік бланкілерді есепке алу кітабы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес күнтізбелік бір жылға жүргізіледі. Есепке алу кітабы нөмірленеді, тігіледі, денсаулық сақтау ұйымның мөрімен және басшысының қолымен бекітіледі.

65. Әр айдың бірі күні материалдық жауапты тұлға арнайы рецепттік бланкілердің нақты санын кітаптағы қалдықпен тексеріп салыстырады, бұл туралы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес салыстыру акті жасалады.

Салыстыру нәтижелері бойынша алшақтықтар анықталған жағдайда, денсаулық сақтау ұйымының басшысы бұл туралы мемлекеттік органның

аумақтық бөлімшесіне хабарлайды.

66. Арнайы рецептілік бланкілерді есепке алу кітабы оған қатысты барлық кіріс шығыс құжаттарымен, сейфте немесе металл шкафтарда ағымдағыны санамағанда, бес жыл бойы сақталады.

67. Арнайы рецептілік бланкілердің кірісі мен шығысы бойынша барлық құжаттар (шот-фактуралар, жүкқұжаттар, талаптар, сенімхаттар) олардың сақталуына кепілдік беру шартымен сақталады. Құжаттар айлары мен жылдары бойынша тігіледі.

68. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы үйінде қайтыс болған науқастардан қалған, пайдаланылмаған арнайы рецептілерді қабылдау мен есепке алуды ұйымдастырады.

Үйде қайтыс болған онкологиялық науқастардың туыстарынан арнайы рецептілік бланкілерге жазып берілген, пайдаланылмаған рецептілерді қабылдау осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

69. Қайтыс болған науқастардың туыстары тапсырған, пайдаланылмаған арнайы рецептілер саны осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес арнайы журналға тіркеледі. Журнал нөмірлеген, тігілген, денсаулық сақтау ұйымының мөрімен және басшысының қолымен расталған болуы керек.

70. Қайтыс болған науқастардың туыстары тапсырған, пайдаланылмаған арнайы рецептілер сақталуға және кейіннен жойылуға жатады. Рецептілерді жою рецептілердің жиналуына қарай, бірақ айына 1 реттен сиретпей, тұрақты жұмыс істейтін және құрамына ішкі істер органының өкілі кіретін комиссияның қатысуымен өртеу жолымен жүргізіледі. Арнайы рецептілік бланкілерді жою фактісі тиісті актімен ресімделеді.

6. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды жою

71. Стационарлық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда бос ампулалар, пайдаланылған бұласырлар (трансдермальді терапевтикалық жүйелер), сондай-ақ құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың ішіндегісі ішінара пайдаланылған ампулалары мен бұласырлар (трансдермальді терапевтикалық жүйелер) жиналуға және жойылуға жатады.

72. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы үйде қайтыс болған науқастардан қалған құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар, пайдаланылмаған дәрілік заттарын қабылдауды және есепке алуды ұйымдастырады.

73. Денсаулық сақтау ұйымының бұйрығымен қайтыс болғаны туралы

куәліктерді ресімдеуге жауапты медицина қызметкеріне қайтыс болған онкологиялық науқастың туыстарынан пайдаланылмаған арнайы рецептiлiк бланкiлердi және құрамында Тiзiмнiң II Кестесiндегi есiрткi, психотроптық заттар бар дәрiлiк заттарды тапсыру туралы ауызша хабарлау, сонымен қатар үйде қайтыс болған науқастан қалған арнайы рецептiлiк бланкiлердi және құрамында Тiзiмнiң II Кестесiндегi есiрткi, психотроптық заттар бар пайдаланылмаған дәрiлiк заттарды қабылдап алу жүктеледi. Қабылдау осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актiмен ресiмделедi.

74. Денсаулық сақтау ұйымы амбулаториялық картасында жазылған дәрiлiк заттың шығынын кезектi рецептiнi алған күннен бастап тексерiп салыстырады. Тапсырылған дәрiлiк препараттардың саны, олардың атауы мен дәрiлiк түрлерi (ампулалар, таблеткалар, ұнтақтар, бұласырлар (трансдермальдi терапевтикалық жүйелер) және басқалар) нөмiрленген, тiгiлген, ұйымның мөрiмен және басшының қолымен расталған, осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес бекiтiлген нысандағы арнайы есепке алу журналында тiрекеледi.

75. Тапсырылған дәрiлiк заттар жойылғанға дейiн сейфте сақталады.

76. Құрамында Тiзiмнiң II Кестесiндегi есiрткi, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жарамдылық мерзiмi өткен, қайтыс болған науқастардың туыстары тапсырған, сондай-ақ сынған, ақауы бар дәрiлiк заттарды, бос ампулалар және бұласырларды (трансдермальдi терапиялық жүйелер), сондай-ақ iшiндегiсi iшiнара пайдаланылған ампулалар мен бұласырларды (трансдермальдi терапиялық жүйелер) жою үшiн денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығымен тұрақты жұмыс iстейтiн, iшкi iстер органдары мен санитариялық-эпидемиологиялық қызметтiң өкiлдерi енетiн комиссия құрылады.

77. Құрамында Тiзiмнiң II Кестесiндегi есiрткi, психотроптық заттар бар дәрiлiк заттарының жиналуына қарай, әр айдың отызыншы күнiнен кешiктiрмей денсаулық сақтау ұйымы жанындағы тұрақты жұмыс iстейтiн комиссияның қатысуымен: ұнтақтар мен таблеткаларды, бұласырларды (трансдермальдi терапиялық жүйелердi) өртеу, ампуладағы препараттарды жаншу жолымен жою жүргiзiледi.

78. Дәрiханалық ұйымдарда құрамында Тiзiмнiң II, III, IV Кестелерiндегi есiрткi, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар қолдану мерзiмi өткен, сынған, ақауы бар дәрiлiк заттарды жою үшiн ұйым басшысының бұйрығымен құрамына дәрiханалық ұйымның басшысы мен жауапты тұлғасы, iшкi iстер органдарының, Медициналық және фармацевтикалық қызметтi бақылау департаментiнiң және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет өкiлдерi кiретiн, тұрақты жұмыс iстейтiн комиссия құрылады.

79. Жою туралы факт осы Қағидаларға 22 және 23-қосымшаларға сәйкес актiмен ресiмделедi.

80. Есепке алу журналында дәрілік заттың әрбір атауы бойынша жойылған күні, сондай-ақ оның саны мен жою тәсілі туралы белгі қойылады.

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
1-қосымша
А6 форматы

Арнайы рецептілік бланкінің нысаны

РЕЦЕПТ № _____	РЕЦЕПТ № _____
Код _____	Код _____
Денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны	Денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны
Жазып берілген күн 20 ____ ж. " ____ " _____	Жазып берілген күн 20 ____ ж. " ____ " _____
Науқастың Т. А. Ә	Науқастың Т. А. Ә,
Жасы _____	Жасы _____
Мекенжайы _____	Мекенжайы _____
Участок № _____	Участок № _____
Науқастың медициналық құжаттамасының № _____	Науқастың медициналық құжаттамасының № _____
Дәрігердің Т. А. Ә	Дәрігердің Т. А. Ә
Rp: _____	Rp: _____
Дәрігердің қолы мен жеке мөрі М. _____	Дәрігердің қолы мен жеке мөрі О. _____
Түзетулерге жол берілмейді Түбіртек денсаулық сақтау ұйымында қалады Бланк нөмірі _____	Түзетулерге жол берілмейді Бланк нөмірі _____

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
2-қосымша

Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігінің шартты сандық белгісі

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Шарттық сандық белгі (коды)
1.	Астана қаласы	658

2.	Ақмола облысы	652
3.	Ақтөбе облысы	645
4.	Алматы қаласы	646
5.	Алматы облысы	660
6.	Атырау облысы	648
7.	Шығыс Қазақстан облысы	647
8.	Жамбыл облысы	649
9.	Батыс Қазақстан облысы	657
10.	Қарағанды облысы	650
11.	Қызылорда облысы	651
12.	Қостанай облысы	653
13.	Маңғыстау облысы	663
14.	Павлодар облысы	654
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	655
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы	659

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
3-қосымша

Дәрілік заттарды тегін алуға жазылған рецептiлердi тiркеу журналы

Жазылған күні	Рецептінің коды, №	Науқастың Т.А.Ә амбулаториялық картасының №	Аурудың түрі (шифр)	Науқастың мекенжайы	Дәрілік заттың атауы, мөлшері, буып-түйілуі	Қаптаманың саны

кестенің жалғасы

Рецептіні жазып берген дәрігердің Т.А.Ә және қолы	Рецептіні алған науқастың қолы	Қайтарылған рецептiнi белгілеу

Журнал нөмірленуі, тігілуі, денсаулық сақтау ұйымының мөрімен және басшының қолымен бекітілуі тиіс.

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
4-қосымша

Нысан

А6 форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды	
Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды	
Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20____ жылғы "____"____ № ____ _ бұйрығымен бекітілген № 130/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма № 130/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от "____"____ 20____ года № ____

Ұйымның мөртабаны, шифры
Штамп, шифр организации

РЕЦЕПТ

БАЛАҒА АРНАЛҒАН
ДЛЯ РЕБЕНКА

ЕРЕСЕК АДАМҒА АРНАЛҒАН
ДЛЯ ВЗРОСЛОГО

(астын сызу керек - подчеркнуть)

20 ____ . ж ____
рецептінің жазылған күні -

дата выписки рецепта)

Науқастың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) _____

Rp.
Rp.
D . S .

Рецептінің жарамдылығы (рецепт действителен): 10 күн (дней), 1 ай (месяц),
арнайы тағайындау бойынша: "апта сайын" немесе "ай сайын"
(по специальному назначению: "еженедельно" или "ежемесячно")
(керегінің астын сызып қойыңыз-нужное подчеркнуть)

ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ МЕН ЖЕКЕ МӨРІ _____ м.о.

ПОДПИСЬ И ЛИЧНАЯ ПЕЧАТЬ ВРАЧА м.п.

Құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттар үшін
Для лекарственных средств, содержащих психотропные вещества
Бөлімше меңгерушісінің қолы,

Ұйымның мөрі "Рецептілер үшін" _____ м.о.
Подпись _____ заведующего _____ отделением,
Печать организации "Для рецептов" _____ м.п.
Келесі беттегі 130/е н.

Оборот ф. 130/у

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу-профилактикалық ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.
2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады, шарикті қаламмен толтырылады, түзетуге тыйым салынады.
3. Бір бланкіге мыналар жазылуы мүмкін:
 - а) құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар бір дәрілік зат;
 - б) қалған дәрілік заттарға бір, екі дәрілік зат.
4. Қағидаларда қабылданған рецептлік қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.
5. Қатты, сусымалы заттар граммен (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлермен, граммен, тамшылармен жазылады.
6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.
7. "Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" және басқа да жалпы нұсқаулармен шектелуге рұқсат етілмейді.
8. Рецептін толтырған кезде (ересек адамға арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.
9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылып берілген рецепттер республиканың бүкіл аумағында жарамды:
 - а) құрамында 8-оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік заттар жазылған күннен бастап - 10 күннің ішінде сатып алынса;
 - б) тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін сырқаттарға дәрілік заттарды (а) тармағында көрсетілген жағдайларда берілетін дәрілік заттарды коспағанда) жазып беру кезінде рецепттердің жарамдылық мерзімі үш айға дейін белгіленеді. Бұл ретте "Арнайы тағайындалған" деген жазудың және дәрілердің дәріханадан беру кезеңділіктерінің ("апта сайынғы" немесе "ай сайынғы") қажеттісінің асты сызылып, рецепт жазып берген дәрігердің қолымен және оның жеке мөрімен расталуы тиіс;
 - в) қалған рецепттер жазып берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды.
10. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Памятка врачу

1. Шифр лечебно-профилактической организации печатается типографским способом или ставится штамп.

2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.

3. На одном бланке может быть выписано:

а) одно лекарственное средство содержащее производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды ;

б) одно, два лекарственных средства на остальные лекарственные средства.

4. Разрешаются только принятые Правилами рецептурные сокращения.

5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.

6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.

7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: "Внутреннее", "Наружное", "Известно" и другие.

8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого, для ребенка) .

9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан, действительны на территории всей республики:

а) на получение лекарственных средств, содержащих производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды - в течение 10 дней со дня их выписывания;

б) больным, нуждающимся в постоянном (длительном) лечении (за исключением случаев, указанных в пункте а) - до трех месяцев. При этом, подчеркиваются надписи "По специальному назначению" и по периодичности отпуска лекарств из аптеки ("еженедельно" или "ежемесячно"), скрепляются подписью и личной печатью врача, выписавшего рецепт;

в) остальные рецепты - в течение одного месяца со дня их выписывания.

10. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

Жеке дайындалған препараттардың № (№ препаратов индивидуального приготовления)		Дәріхананың мөртабаны (штамп аптеки)	
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Б е р д і (отпустил)

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық

Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бір рецепттіге жазып беру және берудің шекті жол берілетін нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
Бупренорфин (норфин) (0,2 мг) тіл асты таблеткалары	таблеткалар	20
Бупренорфин 1 мл-де 0,6 мг	ампулалар	10
Бупренорфин 1 мл-де 0,3 мг	ампулалар	20
Кодеин	грамм	0,2
Құрамында кодеин бар жөтелге қарсы таблеткалар (кодтермопс, кодтерпин)	таблеткалар	20
Морфин	грамм	0,3
Омнопон	грамм	0,1
Тримеперидин	грамм	0,25
Просидол	грамм	0,25
Этилморфин (дионин)	грамм	0,2
Эфедрин гидрохлориді, Псевдоэфедрин	грамм	0,6
Натрий этаминалы	грамм	1,0
Фентанил, трансдермальді терапиялық жүйе 12,5 мкг/сағ	бұласыр	30
Фентанил, трансдермальді терапиялық жүйе 25 мкг/сағ	бұласыр	15
Фентанил, трансдермальді терапиялық жүйе 50 мкг/сағ	бұласыр	10
Фентанил, трансдермальді терапиялық жүйе 75 мкг/сағ	бұласыр	5
Фентанил, трансдермальді терапиялық жүйе 100 мкг/сағ	бұласыр	5
Тізімнің III Кестесіндегі психотропты заттар	таблетка	50-ден асырмай
	ампулалар	20-ден асырмай
Ұйықтататын дәрілер – барбитур қышқылы туындылары	таблеткалар	12-ден асырмай

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
6-қосымша

20__ж. "____"_____ есірткіге, психотроптық заттар
мен прекурсорларға талап

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Мөртабан

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызмет түрлеріне арналған _____ (кімнен)

№ _____ мемлекеттік лицензия

кімнен _____ (алушының Т.А.Ә., лауазымы)

қандай мақсаттар үшін (негіздеме) _____

р/с №	Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар атауы	Өлшем бірлігі	Талап етілген саны жазумен	Берілген саны жазумен
1	2	3	4	5

Басшының Т.А.Ә. _____ қолы _____

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
7-қосымша

СИГНАТУРА

Дәріхана ұйымының атауы _____

КОДЫ _____ Рецептiнiң № _____, жазып берiлген күнi _____

Науқастың Т.А.Ә мен жасы _____

Rp: _____

Қолдану тәсілі _____

Дәрігердің Т.А.Ә _____

Дайындаған _____

Тексерген _____

Берген _____

Күні _____

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
8-қосымша

Қазақстан	Республикасында		
бақылау	жасалуға	тиіс	есірткіні,
психотроптық	заттар	мен	
прекурсорларды		медициналық	
мақсаттарда		пайдалану	қағидаларына
11-қосымша			

Мейірбикелердің постыларындағы құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды есепке алу журналы

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Дәрінің атауы, мөлшері, буып-түйілуі _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс				Шығыс				Қалдық
Алынған күні	Қайдан алынды құжаттың № мен күні	Саны	Алушының Т.А.Ә., қолы	Берілген күні	Науқас сырқатнамасының № мен Т.А.Ә.	Саны	Берушінің Т.А.Ә. қолы	Саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиіс есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидаларына 12-қосымша

Сынақ зертханасына (орталыққа) талдау үшін келіп түскен құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды есепке алу журналы

Сынақ зертханасының (орталықтың) атауы _____

Дәрілік заттың атауы _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс						Берілген		
Р/с №, яғни талдау №	Түсер күні	Кімнен алынды, құжаттың №	Серия №	Алынған саны, өлшем бірлігі	Сынақ түрі	Күні	Саны	Алушының қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кестенің жалғасы

Шығыс							
Талдауға шығындалған мөлшері	Сынақ кәсібі, сынақ саны	Толтырылған күні мен талдамашының қолхаты	Талдау нәтижелері	Талдаудан қалған қалдық	Қалдықты қабылдап алушының қолы	Дәріханалық ұйымға беру немесе жою туралы белгі, саны, акт №	Зертхана меңгерушісінің қолы
10	11	12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
13-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеу ұйымдары мен білім беру ұйымдарында есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды есепке алу журналы

Ұйымның атауы _____
Атауы _____
Өлшем бірлігі _____

Алынған күні	Кіріс			Шығыс		
	Жеткізуші және құжаттың №	Саны	Материалдық жауапты адамның Т.А.Ә., қолы	Берілген күні	Алушының Т.А.Ә.	Қандай мақсаттарға
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шығыс			
Саны	Алушының қолы	Берушінің Т.А.Ә., қолы	Қалдық
8	9	10	11

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
14-қосымша

Бекітемін

Ұйым басшысының Т.А.Ә.
200 ж. " " -----

Ұйымның атауы

20 ж. айындағы
есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды салыстырып

тексеру
АКТІСІ

р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Айдың басындағы қалдық	Кіріс	Шығыс	Кітаптағы қалдық	Нақты қалдық	Нақты қалдық пен кітаптағы қалдықтың айырмасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қорытынды _____

Жауапты тұлға _____ лауазымы, қолы

Тексерген _____ лауазымы, қолы

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
15-қосымша
Денсаулық сақтау ұйымының таңба мөрі

Арнайы рецептілік бланкілерге арналған талап

20 ____ ж. " ____ " _____

Кімге _____

Кімнен _____

(денсаулық сақтау ұйымының атауы) _____

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы
саласындағы қызмет түріне 20 ____ ж. № ____ лицензия

Р / с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны жазбаша
1	2	3	4

Медицина ұйымының басшысы _____ қолы

Т . А . Ә .

Жауапты адам _____ қолы

Т.А.Ә.

М.О.

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен

прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
16-қосымша
Денсаулық сақтау ұйымының атауы

Арнайы рецептуралық бланкілерді есепке алу кітабы

Айдың басындағы қалдық (бланкілердің жалпы саны)	Кіріс			Шығыс		
	Құжаттың күні	№ ____ ден № ____ ге дейінгі бланк, Код ____	Саны	Кімге дәрігердің Т.А.Ә., берілген күні	№ ____ ден № ____ ге дейінгі бланк	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шығыс		Айдың соңындағы қалдық (бланкілердің жалпы саны)
Алған адамның қолы	Материалдық жауапты адамның Т.А.Ә.	
8	9	10

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
17-қосымша
Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Арнайы рецептілік бланкіні салыстыру актісі

20 ____ ж. _____ айына

Р/с №	№ ____ ден № ____ ге дейінгі арнайы рецептілік бланкілер	Ай басындағы қалдық	Кіріс	Шығыс	Кітаптағы қалдық	Нақты қалдық	Айырмасы +/- ±
1	2	3	4	5	6	7	8

Қ о р ы т ы н д ы :

Жауапты тұлға _____ лауазымы, қолы
Тексерген _____ лауазымы, қолы

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
18-қосымша

**Арнайы рецептілік бланкілерде жазып берілген
рецептілерді қабылдау-беру
АКТІСІ**

_____ қаласы 20 ____ ж. " ____ " _____

Біз төменде қол қойғандар: материалдық жауапты тұлғаның, қайтыс болған
науқастың туысының немесе мүдделі емес үшінші тұлғаның Т.А.Ә.

_____ (үш адамнан кем емес)

қайтыс болған науқастың _____ қайтыс болған науқастың Т.А.Ә.

туысы _____ қайтыс болған науқастың туысының Т.А.Ә.

_____ (ұйымның атауы)

_____ жазылған

_____ (дәрілік заттың атауы)

арнайы рецептілік бланк(лер) код _____ № _____

бергені туралы осы актіні жасадық.

Қайтыс болған науқастың мекенжайы:

Қолдары: комиссия мүшелерінің, өткізген және қабылдаған адамның

Қ а б ы л д а д ы :

Т а п с ы р д ы :

Күні:

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,

психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
19-қосымша

**Қайтыс болған науқастың туыстары өткізген арнайы рецепттілік
бланкілерде жазып берілген пайдаланылмаған рецепттілерді есепке
алу журналы**

Р/с №	Келіп түскен күні	Науқастың Т.А.Ә. және мекенжайы	Рецептіні жазып берген емхана	Коды, бланкінің, №, рецептінің берілген және өткізілген күні	Тапсырған адамның Т.А.Ә. және қолы	Қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы	Жою тәсілі мен күні туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
20-қосымша

**Қайтыс болған науқастан қалған құрамында есірткі, психотроптық
заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қабылдау-беру
АКТІСІ**

" ____ " _____ 20__ ж.

Денсаулық сақтау ұйымының атауы

Науқастың Т.А.Ә.

Біз төменде қол қойғандар:

қайтыс болған науқастың туысы _____

қайтыс болған науқастың туысының Т.А.Ә.

(ұйымның атауы)

(дәрілік заттың атауы, саны)

бергені туралы осы актіні жасадық.

Қайтыс болған науқастың мекенжайы:
 Қолдары: өткізген және қабылдаған адамның
 Қ а б ы л д а д ы :
 Т а п с ы р д ы :
 Күні:
 Қазақстан Республикасында
 бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
 психотроптық заттар мен
 прекурсорларды медициналық
 мақсаттарда пайдалану қағидаларына
 21-қосымша

**Қайтыс болған науқастардың туыстары тапсырған Тізімнің II
 Кестесінің пайдаланылмаған есірткісін, психотроптық заттарын
 есепке алу журналы**

Р/с №	Түскен күні	Науқастың Т.А.Ә мен мекен жайы	Өткізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Тапсырушының тегі мен қолы	Қабылдап алушының тегі мен қолы	Саны мен жою тәсілі туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасында
 бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
 психотроптық заттар мен
 прекурсорларды медициналық
 мақсаттарда пайдалану қағидаларына
 22-қосымша

**Денсаулық сақтау ұйымдарында пайдаланылған және ішінара
 пайдаланылған ампулаларды жою
 АКТІСІ**

_____ қаласы _____
 Мынадай құрамдағы комиссия (3 адамнан кем емес)
 1) денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің Т.А.Ә., лауазымы;
 2) ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә., лауазымы;
 3) санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы өкілінің Т.А.Ә., лауазымы

_____ ден _____ дейінгі кезеңде есірткі пайдаланылған (саны) _____ науқастан (науқастардың Т.А.Ә. мен сырқатнамасының №) қалған құрамында Тізімнің II Кестесінің есірткі, психотроптық заттары бар дәрілік заттарының пайдаланылған және/немесе ішінара пайдаланылған ампулаларын саны (жазбаша) _____ дана жоюды жүргізді.

Ампулалар жаншу жолымен жойылды.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: _____ (қолдары)

_____ (қолдары)

_____ (қолдары)

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
23-қосымша

**Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген Тізімнің II
Кестесіндегі есірткіні, психотроптық заттар мен
прекурсорларды жою
АКТІСІ**

_____ қаласы _____
Мынадай құрамдағы комиссия (3 адамнан кем емес)
Денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің Т.А.Ә., лауазымы;
Ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә., лауазымы;
Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы өкілінің Т.А.Ә., лауазымы
20__ж "___" _____ дан 20__ж "___" _____ аралығы кезеңіндегі
құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар
үйде қайтыс болған науқастардың туыстары тапсырған, сондай-ақ
сынған және ақауы бар дәрілік заттарды атаулары бойынша:
ампулаларда, ұнтақтарда, таблеткаларда (атауын, мөлшерін, кімнен
алынғанын Т.А.Ә., науқастың сырқатнамасының № көрсету керек)

_____ жоюды жүргізді.

Дәрілік заттар жойылды: ампулалар - жаншу арқылы; ұнтақтар,
таблеткалар мен трансдермальді бұласырлар – өртеу арқылы (керегінің асты
сызылсын).

Төраға _____ (қолы)
Комиссия мүшелері _____ (қолдары)
_____ (қолдары)
_____ (қолдары)

Қазақстан Республикасында
бақылау жасалуға тиіс есірткіні,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық
мақсаттарда пайдалану қағидаларына
24-қосымша

**Дәріханалық ұйымда құрамында Қазақстан Республикасында
бақылаудағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар
бар дәрілік заттарды жою
АКТІСІ**

_____ қаласы _____
Мына _____ құрамындағы _____ комиссия :
Дәріханалық _____ ұйым басшысының Т.А.Ә.;
Дәріханалық ұйымның жауапты тұлғасының Т.А.Ә., лауазымы;
Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау департаменті өкілінің
Т.А.Ә., _____ лауазымы;
Ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә., лауазымы;
Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органы өкілінің Т.А.Ә., лауазымы.
20 ____ ж. "____" _____ ден 20 ____ ж. "____" _____ аралығы кезеңіндегі
құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар қолдану
мерзімі өткен, жалған, сондай-ақ сынған және ақауы бар мына атаудағы дәрілік
з а т т а р д ы :

_____ жоюды жүргізді.

Дәрілік заттар жойылды: ампулалар – жаншу арқылы; ұнтақтар, таблеткалар
мен трансдермальді бұласырлар – өртеу арқылы (керегінің асты сызылсын).

Төраға _____ (қолы)
Комиссия мүшелері: _____ (қолдары)
_____ (қолдары)
_____ (қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК